

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Жаһандық құзыреттілік және азаматтылық» біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

Білім беру бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) өзектілігі.

Қазіргі өзара байланысты, әр түрлі және тез өзгермелі әлемде жастардың жетілуіне экономикалық, әлеуметтік, мәдени, сандық, демографиялық, экологиялық және тіпті эпидемиологиялық факторлар тікелей әсер етеді. Жаһандық ауқымдағы сан түрлі қақтығыстар мен қарама-қайшылықтар дәуірі адамзат үшін жаңа мүмкіндіктер берді және сонымен бірге жаңа мәселелердің де туындауына алып келді. Жаһанадық мәселелерді шешу үшін, әрбір азаматтың жаһандық құзыреттері көрініс беретін халықаралық ынтымақтастықты қажет етеді.

«Жаһандық құзыреттілік» – бұл нақты дағдылар емес, бұл жаһанадық мәселелерді шешуде жеке тұлғалардың қатысуымен жүретін, басқа мәдени ортаға жататын адамдармен виртуалды және өзара әрекеттесу барысында ұтымды пайдалана білетін қарым-қатынас пен дағдылар, құндылықтар мен көзқарастардың және білімдердің үйлесімі.

БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына сәйкес жаһандық үрдістерді түсінетін және түйсінетін, тұрақты бейбітшілік пен жалпы әл-ауқатты қамтамасыз етуге жәрдемдесетін азаматтардың жаңа буынын қалыптастыру, жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру мақсатында жаңашыл білім беру курсы енгізуді қажет етеді.

Бағдарламаның бағыттылығы

Бұл бағдарлама педагогтердің пәнаралық құзыреттерін дамытуға және жетілдіруге бағытталған.

2. Глоссарий.

Глоссарий

анықтамасы

Азаматтылық

қарым-қатынас пен іс-әрекетте көрініс табатын жеке тұлғаның субъективті қасиеттерінің кешені, саналы түрде заңға бағыну, қызмет ету мен мүдделерді қорғаудағы патриоттық адалдық, ұлтаралық және

тұлғааралық қатынастарды қоса алғанда, адамгершілік құндылықтарды ұстану

Аналитикалық ойлау

ақпаратты дұрыс түсінуге, бағалауға, жүйелеуге және құрылымдауға, қатынастарды табуға және қорытынды жасауға көмектесетін, деректерді өңдеу мүмкіндігі

Алгоритмдік ойлау

белгілі бір мәселені шешу үшін логикалық және бейнелі ойлаумен бірге адамның зияткерлік қабілеті мен шығармашылығын арттыратын белгілі бір әрекеттер тізбегінің жиынтығы

Білім беру стартаптары

жаңа өнімді немесе қызметті жоғары белгісіздік жағдайында жүзеге асыратын, көбейтіліп және масштабталатын бизнес моделін табу үшін құрылған уақытша ұйым немесе құрылым

Жұмсақ дағдылар (soft skills)

жеке қасиеттерімен тығыз байланысты жалпы сипаттағы дағдылар кешені (сыни ойлау, міндеттерді шеше білу, көпшілік алдында сөйлеу, іскерлік қарым-қатынас орнату, ұжымда жұмыс жасау, цифрлық қарым-қатынас дағдылары)

Жаһандық құзыреттілік

әмбебап дағдыларды дамытуға бағытталған, қазіргі қоғамда бағдарлау мен табысты өмір сүрудің негізін құрайтын функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөлігі

Зайырлылық

мемлекеттің кез келген дінге қатысты бейтараптығы, оның кез келген діннен тәуелсіздігі, сондай-ақ діннің мемлекеттен тәуелсіздігі, дін бостандығы

Киберқауіпсіздік

компьютерлерге, серверлерге, мобильді құрылғыларға, электрондық жүйелерге, желілерге және деректерге зиянкестердің шабуылдарынан қорғану әдістері мен тәжірибелер жиынтығы

Құзыреттілік

дұрыс және тиімді шешімдер қабылдау үшін қажетті қызметтер әдістері, белгілі бір іс-әрекетке дайындық деңгейі, білімді игеру дәрежесі

Қаржылық сауаттылық	адамның қаржылық іс-әрекет саласындағы әл-ауқаты мен өмір сүру сапасының жақсаруына әкелетін білім және дағдылар жиынтығы
Медиасауаттылық	БАҚ және әлеуметтік медиа жаңалықтары мен ақпараттық хабарламаларды түсіну, әлеуметтік желілердің ақпараттық ортасында тиімді және қауіпсіз бола білу, ақпарат көздерін табу және сыни тұрғыдан түсіну, жаһандық медиа саласындағы қауіп-қатерлерге қарсы тұру
Парасаттылық	адамның қоғамдағы мәдениетті және этикалық тұрғыдан дұрыс мінез-құлқы мен жүріс-тұрысы, оның негізін басқа адамдардың сезімдері мен әрекеттеріне адамгершілік тұрғысынан қарай отырып, өз мойнындағы адалдық пен әділеттілікті жоғалтпау
Шығармашылық бастамалар	жеке тұлғаның өз бетінше бастамашыл міндеттерді қоя білу, бір саладан екінші салаға білім, іскерлік дағдыларын көшіре білу, әр түрлі қызмет түрлерінде шығармашылық белсенділігін көрсете білу қабілеті
Экологиялық мәдениет	жалпы дүние-жүзілік мәдениеттің құрамдас бөлігі; адамзаттың өмірі мен болашақтағы дамуында экологиялық проблемалардың өзекті маңыздылығын тереңінен кәміл ұғынушылығымен сипатталатын, адамның материалдық қажеттіліктерін саналы түрде шектеуге қатысты жеке жауапкершілігі

3. Бағдарлама тақырыбы

1. Нормативтік-құқықтық модуль	<p>1.1. Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен бекітілген орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясат. Жаһандық құзыреттілік бағытында педагогтердің біліктілігін арттырудың өзекті мәселелері.</p> <p>1.2. «Жаһандық құзыреттілік және азаматтылық» курсының тұжырымдамалық негіздері</p>
--------------------------------	---

<p>2. Мазмұндық модуль</p>	<p>2.1 Жаһандық құзыреттілік пен азаматтылық жеке тұлғаның үйлесімді дамуының және ХХІ ғасыр дағдыларын жетілдірудің шарты ретінде. Оқушылардың икемді дағдыларын дамытуға арналған практикалық тапсырмаларды құрастыру.</p> <p>2.2. «Жаһандық құзыреттілік және азаматтылық» курсы бойынша сабақтарды өткізудің ерекшеліктері. Білім алушылардың ынтымақтастық дағдыларын дамытатын және жеке тұлғалық жетілдіруге арналған белсенді оқыту әдістері.</p> <p>2.3. Қазіргі әлемде парасаттылық пен әдептіліктің өзектілігі. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытатын ұжымдық, жұптық және жеке жұмыс түрлері мен әдістері. Сабақтан тыс іс-шаралар жобасын жасау.</p> <p>2.4. Азаматтылық пен патриотизм ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың маңызды құрамдас бөлігі ретінде. Білім алушыларды жаһандық азаматтылықтың тұжырымдамалық негіздерімен таныстыру. Қайырымдылық акцияларын жүргізудің ережелері.</p> <p>2.5. Қазіргі қоғамдағы өмір қауіпсіздігі мәдениеті. Ұжымдағы психологиялық шиеленіс пен үрейді төмендету бойынша ұсыныстар әзірлеу. Ситуациялық тапсырмаларды талдау.</p> <p>2.6. Цифрлық құзыреттілік медиасауаттылықтың құрамдас бөлігі ретінде. Цифрлық тұтынушылық және киберқауіпсіздік негіздері. Жобалармен жұмыс жасау алгоритмі.</p> <p>2.7. Қаржылық сауаттылық терминологиялық базасымен таныстыру және қаржылық сауаттылық заңдары. Қаржы-экономикалық жағдайда сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>2.8. Экологиялық мәдениет. Қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімді қатынастарды реттеудің негіздері. Білім алушылардың эстетикалық жауапкершілік және еңбек дағдыларын, адамгершілік қарым-қатынас және танымдық қызығушылықтарын дамыту формалары.</p> <p>2.9. Зайырлылық әдеп негіздері. Қазақстан Республикасының бейбітшілік және дінаралық келісім саласындағы саясаты.</p>
----------------------------	---

	<p>2.10. Ақпаратты болжау, талдау және бағалау әдіс-тәсілдері. Жаһандық азаматтылық дағдыларын қалыптастыруда пәнаралық интеграция.</p> <p>2.11. Білім алушылардың шығармашылық, өзін-өзі анықтаушы, дамытушы тұлғасын қалыптастырудағы алгоритмдік және аналитикалық ойлаудың рөлі. Алгоритмдік және аналитикалық ойлауды жаттықтыру жолдары.</p>
Тестілеу/ Суммативті бағалау	Қорытынды тестілеу. Жобаға дайындық және жобаны қорғау.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Мақсаты: «Жаһандық құзыреттілік және азаматтылық» курсы аясында жаһандық азаматтылық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мақсатында орта білім беру ұйымдары мұғалімдерінің пәнаралық және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

Міндеттері:

1) «Жаһандық құзыреттілік және азаматтылық» курсының оқытудың ұйымдастырушылық, мазмұндық және әдістемелік негіздері туралы білімдерін жетілдіру;

2) білім алушыларды қазіргі заманның жаһандық сын-тегеуріндерімен таныстыру арқылы жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту, саналы және шығармашылық оқыту дағдыларын қалыптастыру;

3) жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын дамыту үшін белсенді оқытудың әдістерін жетілдіру;

4) мәселелерді зерттеу, талдау және бағалау дағдыларын дамыту үшін белсенді оқыту әдістері мен тәсілдерін жетілдіру (постерлер жасау, жобалау, конкурстар ұйымдастыру, рөлдік ойындар, топтық жұмыс, акциялар, жағдаяттық тапсырмаларды шешу);

5) оқу-тәрбие процесінде кері байланыс пен әлеуметтік сауалнамалар нысандарын құру үшін цифрлық білім беру ресурстарын, онлайн-сервистерді пайдалану дағдыларын пысықтау.

Күтілетін нәтижелер:

Курсты аяқтаған соң тыңдаушы:

- жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық маңызы бар әр түрлі мәселелердің себептері мен салдарының байланысын бағалай алады;
- дәлелдерді тұжырымдай алатын, күрделі жағдаяттар мен мәселелерді түсіндіре алатын дағдылары қалыптасады;
- жаһандық құзыреттілік және азаматтылықты бағалаудың тұжырымдамалық моделін анықтай алады;
- курстың міндеттерін жүзеге асыру және негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін оқытудың тиімді инновациялық әдістерін талдайды және іріктейді;
- жергілікті және жаһандық деңгейлерде ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамуды қолдау бойынша жұмыстың маңыздылығын түсінеді және түсіндіре алады;
- білім берудің сапасын, әділдігін және тиімділігін қамтамасыз етудегі жаһандық құзыреттілік пен азаматтылықтың рөлін түсіндіреді;
- халықаралық және отандық интернет көздеріндегі ақпаратты олардың сенімділігі тұрғысынан зерттейді және сабақты ұйымдастыру және өткізу үшін сандық платформаларды пайдаланады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

<p>Модуль 1. Нормативтік-құқықтық</p>	<p>Тақырып 1.1. Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен бекітілген орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясат. Жаһандық құзыреттілік бағытында педагогтердің біліктілігін арттырудың өзекті мәселелері 4 сағат</p> <p><i>Мазмұны:</i> «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының міндеті – орта білім сапасын арттыру. PISA нәтижелері бойынша қазақстандық оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін педагогтердің іс-әрекетін ұйымдастыру.</p>
	<p>Тақырып 1.2. «Жаһандық құзыреттілік және азаматтылық» курсының тұжырымдамалық негіздері 4 сағат</p> <p><i>Мазмұны:</i> Курстың мақсаты мен міндеттері. Қалыптастырылатын құзыреттер мен дағдылар. Курстың негізгі мазмұны. Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар. Тараулар мен сыныптар бойынша тақырыптарды бөлу ерекшеліктері.</p>
<p>Модуль 2. Мазмұндық</p>	<p>Тақырып 2.1. Жаһандық құзыреттілік пен азаматтылық жеке тұлғаның үйлесімді дамуының және ХХІ ғасыр дағдыларын жетілдірудің шарты ретінде. Оқушылардың икемді дағдыларын дамытуға арналған практикалық тапсырмаларды құрастыру 6 сағат</p>

Мазмұны: Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың халықаралық тәжірибесі және жаһандық құзыреттіліктерді дамытудағы білім беру жүйесіне әсері. Тәжірибеде қатты дағдыларды, жұмсақ дағдыларды, өзіндік дағдыларды жетілдіруге арналған тапсырмаларды әзірлеуде мұғалімдердің кәсіби шеберлігін дамыту.

Тақырып 2.2. «Жаһандық құзыреттілік және азаматтылық» курсы бойынша сабақтарды өткізудің ерекшеліктері. Білім алушылардың ынтымақтастық дағдыларын дамытатын және жеке тұлғалық жетілдіруге арналған белсенді оқыту әдістері **6 сағат**

Мазмұны: Интерактивті жұмыс түрлері арқылы зерттеу, талдау және бағалау, рефлексия, қарым-қатынас және ынтымақтастық дағдыларын дамыту. Белсенді оқыту әдістерін (постерлер жасау, жобалау, конкурстар ұйымдастыру, рөлдік ойындар, топтық жұмыс, акциялар, жағдаяттық тапсырмаларды шешу) қолдану, өзіндік сана мен жеке жауапкершілікті дамыту.

Тақырып 2.3. Қазіргі әлемде парасаттылық пен әдептіліктің өзектілігі. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытатын ұжымдық, жұптық және жеке жұмыс түрлері мен әдістері. Сабақтан тыс іс-шаралар жобасын жасау **6 сағат**

Мазмұны: Адамгершіліктің жалпыадамзаттық нормалары. Қарым-қатынас мәдениеті мен әдебі. Сабақтан тыс іс-шаралар өткізу арқылы парасаттылық және әдеп нормаларына үйрету.

Тақырып 2.4. Азаматтылық пен патриотизм ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың маңызды құрамдас бөлігі ретінде. Білім алушыларды жаһандық азаматтылықтың тұжырымдамалық негіздерімен таныстыру. Қайырымдылық акцияларын жүргізудің ережелері **6 сағат**

Мазмұны: Азаматтылық пен патриотизмді күнделікті өмірде көрсету. Қайырымдылық шараларына қатысу жеке тұлғаның азаматтық ұстанымының көрінісі. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін қайырымдылық шараларын ұйымдастыру.

Тақырып 2.5. Қазіргі қоғамдағы өмір қауіпсіздігі мәдениеті. Ұжымдағы психологиялық шиеленіс пен үрейді

төмендету бойынша ұсыныстар әзірлеу. Ситуациялық тапсырмаларды талдау **6 сағат**

Мазмұны: Өмір қауіпсіздігі мәдениетінің мазмұны. Тұрмыс-тіршіліктегі және қоғамдағы қауіпсіздік. Төтенше жағдайлар кезіндегі және табиғат аясындағы өмір қауіпсіздігі мәдениетінің маңыздылығы.

Тақырып 2.6. Цифрлық құзыреттілік медиасауаттылықтың құрамдас бөлігі ретінде. Цифрлық тұтынушылық және киберқауіпсіздік негіздері. Жобалармен жұмыс жасау алгоритмі **6 сағат**

Мазмұны: Ақпараттық мәдениет және медиа сауаттылық. Киберқауіпсіздік тұжырымдамасы. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдары. Жобалар әдісі туралы түсінік. Жоба бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі кезеңдеріндегі тыңдаушы мен оқытушының іс-әрекеті.

Тақырып 2.7. Қаржылық сауаттылық терминологиялық базасымен таныстыру және қаржылық сауаттылық заңдары. Кез-келген қаржылық-экономикалық жағдайда сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру **6 сағат**

Мазмұны: Адам қажеттіліктеріне байланысты қаржыны ұтымды жұмсау тәсілдері. Қаржылық қиындықтар тудыратын мәселелер.

Тақырып 2.8. Экологиялық мәдениет. Қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімді қатынастарды реттеудің негіздері. Білім алушылардың эстетикалық жауапкершілік және еңбек дағдыларын, адамгершілік қарым-қатынас және танымдық қызығушылықтарын дамыту формалары **6 сағат**

Мазмұны: Адамзаттың жаһандық мәселелері. Қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты орнатудың әдіс-тәсілдері. Қоршаған ортаға деген мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу, экологиялық сана дағдыларын қалыптастыру. Экологиялық мәселелердің алдын алу мақсатындағы еріктілер қозғалысының рөлі.

Тақырып 2.9. Зайырлылық әдеп негіздері. Қазақстан Республикасының бейбітшілік және дінаралық келісім саласындағы саясаты **6 сағат**

Мазмұны: Зайырлы мемлекет және дінаралық келісім. Адам өміріндегі зайырлылық әдептің мән-мағынасы. Құқықтық сауаттылықты тәрбиелеу.

	<p>Тақырып 2.10. Ақпаратты болжау, талдау және бағалау әдіс-тәсілдері. Жаһандық азаматтылық дағдыларын қалыптастыруда пәнаралық интеграция 6 сағат</p> <p><i>Мазмұны:</i> Болжау қабілеттерін қалыптастырудың негізгі шарттары. Болжау әдістерінің классификациясы. Пәнаралық интеграция.</p>
	<p>Тақырып 2.11. Білім алушылардың шығармашылық, өзін-өзі анықтаушы, дамытушы тұлғасын қалыптастырудағы алгоритмдік және аналитикалық ойлаудың рөлі. Алгоритмдік және аналитикалық ойлауды жаттықтыру жолдары 4 сағат</p> <p><i>Мазмұны:</i> Алгоритмдік және аналитикалық ойлаудың ерекшеліктері. Алгоритмдік ойлаудың құрамдас бөліктері. Аналитикалық ойлауды қалыптастыру критерийлері. Алгоритмдік ойлауды дамытуға арналған жаттығулар.</p>
Тестілеу/ Суммативті бағалау	Қорытынды тестілеу 2 сағат Жобаға дайындық және жобаны қорғау 6 сағат

6. Оқу процесін ұйымдастыру

«Жаһандық құзыреттілік және азаматтылық» біліктілікті арттыру курсының ұзақтығы 2 апта, 80 академиялық сағатты құрайтын қашықтықтан (сұраныс бойынша) және күндізгі оқыту түрлерінде ұйымдастырылады.

Қашықтықтан оқу курсы осы Бағдарламадағы оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес ұйымдастырылады және де екі оқу кезеңін құрайды: қашықтықтан (онлайн) - 30 сағат, өз бетімен оқу (оффлайн) – 50 сағат.

Оқытудың негізгі әдістері: интерактивті лекция, семинарлар, вебинар, кейстерді талдау және практикалық жұмыс, жағдаяттық тапсырмалар орындау, оқу және қосымша әдебиеттермен жұмыс, талдау, бақылау, презентация, жоба қорғау, сабақ үзіндісін құрастыру.

Курсты меңгеруде тыңдаушылардың практикалық өзіндік жұмысына ерекше көңіл бөлінеді: шығармашылық жұмыстарды, таныстырылымдар мен жобаларды даярлау.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Модуль 1. Нормативтік-құқықтық

Модульдің өзектілігі. «Жаһандық құзыреттілік және азаматтылық» курсының маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді, жаһандық құзыреттіліктер аясында білім беру сапасын арттырудың әлемдік тәжірибелерімен таныстырады.

Модульдің міндеттері:

1. Орта білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін, жаһандық құзыреттілік және азаматтылық дағдыларын қалыптастыратын нормативтік-құқықтық актілерді зерделеу

2. Сапалы білім беру, функционалдық сауаттылық мәселелерін орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі қағидалары ретінде қарастыру.

Күтілетін нәтижелер:

Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

– орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен міндеттері туралы білімдері мен түсініктерін кеңейтеді

– курстың мақсаты мен міндеттерін және негізгі мазмұнын түсіндіреді

Күндізгі оқыту

Модуль тақырыптары	Сабақ түрі, оқыту әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұн	Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)
Тақырып 1.1. Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен бекітілген орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясат. Жаһандық құзыреттілік бағытында педагогтердің біліктілігін арттырудың өзекті мәселелері.	Семинар 4 сағат	«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының міндеті – орта білім сапасын арттыру. PISA нәтижелері бойынша қазақстандық оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін педагогтердің іс-әрекетін ұйымдастыру.	Қазіргі білім беруді дамытудың негізгі тенденцияларын анықтай алады. Халықаралық зерттеулердің нәтижелерін талдап, кемшіліктерді жою жұмыстарын жоспарлайды. Нормативтік құжаттардан алған білімдерін педагогикалық тәжірибесінде пайдаланады.

Тақырып 1.2 «Жаһандық құзыреттілік және азаматтылық» курсының тұжырымдамалық негіздері	Семинар 4 сағат	Курстың мақсаты мен міндеттері. Қалыптастырылатын құзыреттер мен дағдылар. Курстың негізгі мазмұны. Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар. Тараулар мен сыныптар бойынша тақырыптарды бөлу ерекшеліктері.	Курстың мақсаты мен міндеттерін түсіндіре алады. Негізгі құзыреттерді ажыратады. Курстың негізгі мазмұны бойынша білімін көрсете біледі.
---	--------------------	--	--

Онлайн оқыту

Модуль тақырыптары	Сабақ түрі, оқыту әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұн	Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)
Тақырып 1.1. Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен бекітілген орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясат. Жаһандық құзыреттілік бағытында педагогтердің біліктілігін арттырудың өзекті мәселелері.	Онлайн сабақ 2 сағат	«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының міндеті – орта білім сапасын арттыру. PISA нәтижелері бойынша қазақстандық оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін педагогтердің іс-әрекетін ұйымдастыру.	Қазіргі білім беруді дамытудың негізгі тенденцияларын анықтай алады. Халықаралық зерттеулердің нәтижелерін талдап, кемшіліктерді жою жұмыстарын жоспарлайды. Нормативтік құжаттардан алған білімдерін педагогикалық тәжірибесінде пайдаланады.

Тақырып 1.2 «Жаһандық құзыреттілік және азаматтылық» курсының тұжырымдамалық негіздері	Онлайн сабақ 6 сағат	Курстың мақсаты мен міндеттері. Қалыптастырылатын құзыреттер мен дағдылар. Курстың негізгі мазмұны. Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар. Тараулар мен сыныптар бойынша тақырыптарды бөлу ерекшеліктері.	Курстың мақсаты мен міндеттерін түсіндіре алады. Негізгі құзыреттерді ажыратады. Курстың негізгі мазмұны бойынша білімін көрсете біледі.
---	-------------------------	--	--

Модуль 2. Мазмұндық

Модульдің өзектілігі. «Жаһандық құзыреттілік және азаматтылық» курсы аясында сабақты өткізудегі педагогтердің теориялық білімдерін тереңдетіп, тәжірибелік дағдыларын жетілдіреді.

Модульдің міндеттері:

1. Жаһандық құзыреттерді қалыптастыру саласындағы ұлттық басымдықтар мен жаһандық трендтерді зерделеу;
2. Курсты оқытудың ұйымдастырушылық, мазмұндық және әдістемелік негіздері туралы білімдерін жетілдіру;
3. Курстың мақсатын жүзеге асыру және негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін оқытудың инновациялық әдістерін қолданудың маңыздылығын көрсету;
4. Мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдар туралы түсініктерін жетілдіру және бағалау;
5. Бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын дамыту үшін белсенді оқытудың әдістерін жетілдіру;
6. Цифрлық білім беру ресурстарын, онлайн-сервистерді пайдалану дағдыларын жетілдіру арқылы цифрлық құзыреттілік пен медиасауаттылықты арттыру.

Күтілетін нәтижелер:

Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

- жаһандық құзыреттілік және азаматтылықты бағалаудың тұжырымдамалық моделін анықтай алады;
- бағдарламаның негізгі идеяларын түсіндіре алады;
- құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін оқытудың тиімді инновациялық әдістерін талдайды және іріктейді;
- ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамуды қолдау бойынша жұмыстың маңыздылығын түсінеді және түсіндіре алады;

– жаһандық проблемаларға, олардың себептеріне зерттеу жүргізе алады, салдары және ықтимал әрекет бағыттарын анықтай алады;

– мәлімдемелерді, дәлелдерді және көзқарастарды қолдау үшін, қолданылатын дәлелдер мен дәлелдемелерді талдау және бағалау дағдыларын дамыту үшін жұмыс әдістерін тәжірибеде көрсетеді;

Күндізгі оқыту

Модуль тақырыптары	Сабақ түрі, оқыту әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұн	Нәтижелер (дағдылар)
Тақырып 2.1. Жаһандық құзыреттілік пен азаматтылық жеке тұлғаның үйлесімді дамуының және ХХІ ғасыр дағдыларын жетілдірудің шарты ретінде. Оқушылардың икемді дағдыларын дамытуға арналған практикалық тапсырмаларды құрастыру	Семинар 4 сағат Практик алық жұмыс 2 сағат	Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың халықаралық тәжірибесі және жаһандық құзыреттіліктерді дамытудағы білім беру жүйесіне әсері. Тәжірибеде қатты дағдыларды, жұмсақ дағдыларды, өзіндік дағдыларды жетілдіруге арналған тапсырмаларды әзірлеуде мұғалімдердің кәсіби шеберлігін дамыту.	Жаһандық құзыреттілік және азаматтылықты мақсатты түрде қалыптастыру құралдарын анықтайды. Қатты дағдыларды, жұмсақ дағдыларды, өзіндік дағдыларды жетілдіруге арналған тапсырмаларды әзірлейді.
Тақырып 2.2. «Жаһандық құзыреттілік және азаматтылық» курсы бойынша сабақтарды өткізудің ерекшеліктері. Білім алушылардың ынтымақтастық дағдыларын	Семинар 4 сағат Практик алық жұмыс 2 сағат	Интерактивті жұмыс түрлері арқылы зерттеу, талдау және бағалау, рефлексия, қарым-қатынас және ынтымақтастық дағдыларын дамыту. Белсенді оқыту әдістерін (постерлер жасау, жобалау, конкурстар	Белсенді оқыту әдістерінің негізгі ерекшеліктерін, оларды тәжірибеде қолдануды біледі. Тәжірибеге бағытталған тапсырмаларды әзірлейді. Қарым-қатынас және

<p>дамытатын және жеке тұлғалық жетілдіруге арналған белсенді оқыту әдістері</p>		<p>ұйымдастыру, рөлдік ойындар, топтық жұмыс, акциялар, жағдаяттық тапсырмаларды шешу) қолдану, өзіндік сана мен жеке жауапкершілікті дамыту.</p>	<p>ынтымақтастық дағдыларын дамыту бойынша жұмыс әдістерін ажыратады.</p>
<p>Тақырып 2.3. Қазіргі әлемде парасаттылық пен әдептіліктің өзектілігі. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытатын ұжымдық, жұптық және жеке жұмыс түрлері мен әдістері. Сабақтан тыс іс-шаралар жобасын жасау</p>	<p>Семинар 4 сағат Практик алық жұмыс 2 сағат</p>	<p>Адамгершіліктің жалпыадамзаттық нормалары. Қарым-қатынас мәдениеті мен әдебі. Сабақтан тыс іс-шаралар өткізу арқылы парасаттылық және әдеп нормаларына үйрету.</p>	<p>Парасаттылық пен әдептілікті дамыту үшін тиімді ұжымдық және топтық жұмыс түрлерін таңдауды біледі. Парасаттылық пен әдептіліктің маңызын түсіндіре алады.</p>
<p>Тақырып 2.4 Азаматтылық пен патриотизм ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың маңызды құрамдас бөлігі ретінде. Білім алушыларды жаһандық азаматтылықтың тұжырымдамалық негіздерімен таныстыру. Қайырымдылық акцияларын жүргізудің ережелері</p>	<p>Семинар 4 сағат Практик алық жұмыс 2 сағат</p>	<p>Азаматтылық пен патриотизмді күнделікті өмірде көрсету. Қайырымдылық шараларына қатысу жеке тұлғаның азаматтық ұстанымының көрінісі. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін қайырымдылық шараларын ұйымдастыру.</p>	<p>Азаматтылық пен патриотизмді ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың маңызды құрамдас бөлігі ретінде түсіндіре алады. Жаһандық азаматтықты қолдайтын көзқарастарды және мінез-құлық үлгілерін білім алушыларға сіңіре алады.</p>

<p>Тақырып 2.5 Қазіргі қоғамдағы өмір қауіпсіздігі мәдениеті. Ұжымдағы психологиялық шиеленіс пен үрейді төмендету бойынша ұсыныстар әзірлеу. Ситуациялық тапсырмаларды талдау</p>	<p>Семинар 4 сағат</p> <p>Практик алық жұмыс 2 сағат</p>	<p>Өмір қауіпсіздігі мәдениеті мен мазмұны. Тұрмыс-тіршіліктегі және қоғамдағы қауіпсіздік. Төтенше жағдайлар кезіндегі және табиғат аясындағы өмір қауіпсіздігі мәдениетінің маңыздылығы.</p>	<p>Қазіргі кездегі қауіпсіздік мәселелерін бағалай алады. Білім алушыларда қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмыс әдістерін таңдай алады.</p>
<p>Тақырып 2.6. Цифрлық құзыреттілік медиасауаттылықтың құрамдас бөлігі ретінде. Цифрлық тұтынушылық және киберқауіпсіздік негіздері. Жобалармен жұмыс жасау алгоритмі</p>	<p>Семинар 4 сағат</p> <p>Практик алық жұмыс 2 сағат</p>	<p>Ақпараттық мәдениет және медиа сауаттылық. Киберқауіпсіздік тұжырымдамасы. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдары. Жобалар әдісі туралы түсінік. Жоба бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі кезеңдеріндегі тыңдаушы мен оқытушының іс-әрекеті.</p>	<p>Медиакеңістікте жұмыс істеу дағдыларын меңгереді және қолданады. Өзекті ақпаратты іздеу, өңдеу және талдау дағдылары қалыптасады.</p>
<p>Тақырып 2.7. Қаржылық сауаттылық терминологиялық базасымен таныстыру және қаржылық сауаттылық заңдары. Кез-келген қаржылық-экономикалық жағдайда сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру</p>	<p>Семинар 4 сағат</p> <p>Практик алық жұмыс 2 сағат</p>	<p>Адам қажеттіліктеріне байланысты қаржыны ұтымды жұмсау тәсілдері. Қаржылық қиындықтар тудыратын мәселелер.</p>	<p>Негізгі терминдер мен ұғымдардың мағынасын ажыратады. Күнделікті өмірде ақшаны пайдаланудың тиімді жолдарын ұсынады.</p>

<p>Тақырып 2.8. Экологиялық мәдениет. Қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімді қатынастарды реттеудің негіздері. Білім алушылардың эстетикалық жауапкершілік және еңбек дағдыларын, адамгершілік қарым-қатынас және танымдық қызығушылықтарын дамыту формалары</p>	<p>Семинар 4 сағат</p> <p>Практик алық жұмыс 2 сағат</p>	<p>Адамзаттың жаһандық мәселелері. Қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты орнатудың әдіс-тәсілдері.</p> <p>Қоршаған ортаға деген мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу, экологиялық сана дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Экологиялық мәселелердің алдын алу мақсатындағы еріктілер қозғалысының рөлі.</p>	<p>Экологиялық мәдениет пен экологиялық сана ұғымдарын түсінеді. Табиғи ресурстарды пайдаланудың адамгершілік және құқықтық принциптерін сақтайды. Белсенді табиғатты қорғау қызметін жүргізеді.</p>
